# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 шілде № 4712-23-00-2/1911 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер «Жақсыбаев Ж.М.» Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбының соммасын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Жақсыбаев Ж.М.» Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлына келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Жақсыбаев Ж.М.» Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Жақсыбаев Ж.М.» Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлынан мемлекет пайдасына 2005 (екі мың бес) теңге 50 тиын тұрақсыздық айыппұл сомасын және 1 785 (бір мың жеті жүз сексен бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **М.М.Джумаева**

Көшірмесі дұрыс:

**Судья** **М.М.Джумаева**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 4.09.2023 жылы енді.

**Судья** **М.М.Джумаева**